

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты ХІ Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
ХІ Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

4. <http://www.azattyq.org>
5. С.С.Құнанбаева Қазіргі шеттілдік білім берудің теориясы мен практикасы. – Алматы, 2010 – 324 б.
6. <https://kazprose.wordpress.com>
7. Ф.Н. Даулет Китайский язык: проблемы изучения и преподавания
8. Маткаримова Зауре, Мұса Әсем *Қытай тіл білімі*

ӘОЖ 615.814(510)

ҚЫТАЙ МЕДИЦИНАСЫ: ИНЕМЕН ЕМДЕУ

Сайынова Оразгүл Өтеуқызы

saiynova.ozargul@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Қытай филологиясы мамандығының
студенті

Ғылыми жетекшісі – Шәріпхан М.

Инемен емдеу Қытайда 2500 жыл бұрын пайда болған, ал Батыста 1970 жылдары ғана таныла бастады. Инемен емдеу әдісі жұқа металл инені тері астына шаншу арқылы іске асады. Бұл дәрігер-маман көмегімен немесе арнайы электрлі аппаратпен жүргізіледі. Ине шаншу – адам денесінің құрылысын, адам денесіндегі акупунктуралық нүктелер орналасқан оқшау жүйке орталықтарына негізделген көне әдістердің бірі. Инемен емдеу ауруды жеңілдету мақсатында қолданылады және созылмалы тыныс жолы ауруларын және көз ауруларын, сонымен қатар есірткіге тәуелділікті жою үшін қолданылатын балама дәстүрлі емдеу әдісі саналады.

Ежелгі Қытай медицинасының бағыттарының бірі болып саналатын бұл әдіс дененің арнайы арналары арқылы өтетін өмірлік қуат ілімі деп аталады. Осы арналар бойынша виталдық қуат және Ки қуаты дененің әр түрлі органдарынан өтіп, олардың қалыпты жұмыс жасауын қамтамасыз етеді. Ки энергиясы өтетін әрбір осындай арна ағзаның сыртқы жүйесімен байланысты. Кидің біркелкі түсуі бұзылған немесе тоқтаған жағдайда аурулар дами түседі. Адам ағзасы арқылы өтетін меридиан жүйесінде Ки энергиясының ағынын қалыпқа келтіре отырып, оны жақсартатын 1000-нан астам белсенді нүктелер бар. Ине шаншу осы меридианның ластануын анықтауға және оны жоюға көмектеседі. Инемен емдеу тері астындағы белгілі бір нүктелерге әсер ете отырып, энергия ағынын қалыпқа келтіреді.

Дәстүр бойынша, инемен емдеуге тері астындағы белгілі бір анатомиялық нүктелерге енгізілетін өте жұқа және өткір инелер пайдаланылады. Ерте кездерде бұған жануар сүйектерін, үшкір тастарды және бамбук талшықтарын қолданған. Қазіргі кездегі инемен емдеуде тот баспайтын, болаттан жасалған стерильденген инелер пайдаланылады, ал ең жақсы нәтиже алу үшін кейде төменгі жиілікті ток қолданылады. Қазіргі кезде осы емдеу әдісіне қолданылатын арнайы ине түрлері және емдеу әдістері өте көп, әрі жылдан-жылға бұл әдіс дамып, жаңа түрлері де шығуда.[1]

Қытайдың көне әдебиеттерінің бірі «Патша баянының» Лин Шу атты бөлімінде «тоғыз ине» атауымен ине түрлері жіктелген. Олар мыналар:

1. Жебе басты ине. Тері бетін шаншуға арналған жіңішке тұлғалы ине.
2. Жұмыр басты ине. Бұлшық ет ауруларын емдеуге арналған, нүктелерді уқалауға арналған домалақ ұшты ине.
3. Біз ине. Қан тамыр ауруларын емдеуге арналған жұмыр ұшты ине. Ұзындығы 3.5 цун (1 цун мөлшермен 2.5 см мөлшерінде) болады.
4. Қырлы ине. Шаншып қан шығаруға, іріңді ісіктерді емдеуге арналған ине. Үш қырлы болып келеді.
5. Семсер ине. Кесіп ірің ағызуға, денеден қан шығаруға арналған ине. Ұшы өткір, ұзындығы 4 цун.

6. Домалақ үшкір ине. Тез шаншып емдеуге арналған, қатты қақсау сезімі болатын ауруларға қолданылады. Ұзындығы 1.6 цун.

7. Жіңішке ине. Тоғыз иненің ішіндегі ең жіңішке ине. Ұзындығы 3.6 цун. Қазіргі кездегі инемен емдеуге ең көп қолданылатын иненің бірі.

8. Ұзын ине. Ұзындығы 7 цун. Терең шаншып емдеуге арналған үшкір ине. Ұзақ уақыт қақсап жазылмаған ауруларды емдеуге қолданылады.

9. Жуан ине. Ұзындығы 4 цун. Сулы ісіктерді емдеуге қолданылады, кейде отқа қыздырып та қолданылады. [2]

Белгілі болғандай, ине шаншу ауруды жеңілдетеді, сондықтан бұл әдіс ауруды басуға кеңінен қолданылады. Ине шаншуды лазерлік терапиямен және электрондық белсендірумен жиі байланыстырады. Бұдан әрі Халықаралық Денсаулық Ұйымы (ХДҰ) ұсынған ине шаншу арқылы емделетін ауру түрлері тізімделген:

1. Тыныс алу аурулары – өткір синусит, өткір тонзиллит, суық тию және өткір ринит

2. Көз аурулары – өткір конъюнктивит, катаракта, миопия және орталық ретинопатия

3. Ауыз қуысы аурулары – тіс ауруы, гингивит (қызыл иектің қабынуы), фарингит

4. Ортопедиялық аурулар – бел ауруы, артрит және арқадағы периартрит

5. Асқазан, ішек жолдарының аурулары – ықылық, өткір гастрит, созылмалы ішек жарасы, созылмалы және өткір колит (ттоқ ішек қабынуы) және іш өту

6. Жүйке жүйесі аурулары – бас ауруы, бас сақинасы, беттің сал болып қалуы, қабырға невралгиясы және түнгі энурез.

Инемен емдеу арқылы 300-ден астам ауруды емдеуге болады. Қазіргі таңда 100-ге жуық дерт ине арқылы емделеді.

Акупунктуралық инелер және олардың жанама әсері

Инемен емдеу терапиясының мақсаты – денсаулықты қалыпқа келтіру және ауруды жеңілдету. Бұл емдеу әдісі ерекше әрі жұмбақ болғанымен, ол уақыт сынынан өтіп, бүгінгі күнге дейін жеткен. Акупунктуралық инелер ағзаның энергетикалық балансының бұзылуын қалыпқа келтіру мақсатында тері астындағы арнайы нүктелерге шаншылады. Заманауи инемен емдеу әдісі түпнұсқасына қарағанда біршама дамыған: енді ине арқылы нүктелерді күшейтетін кішігірім электрлік импульс жібереді. Электр импульсін шағын батареялық құрылғы арқылы тудырады. Қажетінше импульстардың жиілігі мен қарқындылығын реттеуге болады. Ем алу кезінде ине тері астына енгеннен кейін сізде жеңіл шаншу сезімі пайда болады – бұл импульстардың шығып жатқанын білдіреді. Бірте-бірте сіз денеңіздің жансызданғанын, жылулық енгенін немесе кішкене ауырсыну сезінесіз. Инелер денеде 15-30 минут шаншылып тұруы тиіс. Инемен емдеудің жанама әсерлері болмашы әрі уақытша. Көп тараған жанама әсерлері: бас айналуы немесе инені алғаннан кейін аз ғана қансырау. Инфекция түсу немесе кездейсоқ өкпені тесіп алу жүз жағдайдың бірінде ғана орын алады. Алайда, сеансты бастар алдында гепатит В және ЖҚТБ секілді инфекциялық ауруларды жұқтырмау үшін міндетті түрде акупунктуралық инелердің зарарсыздандырылғанын тексеру қажет.

Еуропада инемен емдеу шеберінің медициналық дәрежесі болуы тиіс, практикасын ашу үшін жай ғана лицензия ала алмайды. Ал Азияда немесе Шығыста медициналық білімі жоқ адамдар да инемен емдеумен айналысады, бұл жергілікті заңдармен рұқсат етіледі.

Ине салу кезіндегі ауырсынулар тек қана шаншу орнына ғана емес, сонымен қатар қолданылған ине түріне де байланысты болады. Ине неғұрлым қалың болса ине шаншу кезіндегі ауырсыну да соншалықты көп болады немесе керісінше, ине неғұрлым жіңішке болса, ауырсыну да аз. Ауырлық дәрежесі, сонымен қатар, ине ұшының пішініне де байланысты: ине қаншалықты үшкір болса, соншалықты аз ауырсыну болады. Ине ұшының пішінін микроскоп арқылы анықтау қиын емес. Қытайда шығарылатын бір үлгідегі инелердің диаметрі 0,279 мм, жапонияда шығарылатын инелер диаметрі 0,254 мм болады. [3]

Инемен емдеуге 664 нүкте қолданылады, әрбіреуінің өз жергілікті топографиялық орны және арнайы терапевтік белгісі бар. Акупунктураның негізгі құрамдас бөлігі болып табылатын пульстік диагностиканың арқасында адам ағзасында аурудың шығуын, тарауын

және клиникалық белгі түрінде жүзеге асуын байқауға болады. Ине шаншуды қолданатын жағдайлар мен ауру түрлеріне мыналар жатады: аллергиялық жағдай (бронх демікпесі түріндегі тыныс алу жолдары аллергиясы, терідегі аллергиялық белгілер); жүйке жүйесі аурулары (сал ауруы, үштік және бет нервтерінің қабынуы, балалардың милық салдануы және остеохандроз); созылмалы стресс, жалпы әлсіздік, төмен иммунитет; ойық жара ауруы, ішек ауруы, ұйқы безі, өт дискинезиясы, энтероколит; эндокриндік және гинекологиялық, дерматологиялық аурулар, және т.б.

Инемен емдеу:

- жүйке жүйесін (ашуланшақ, ұйқысыздық, бас сақинасы және басқа да аурулар) қалыпқа келтіреді;

- ағзаның жұқпалы ауруларға және вирустарға қарсы күшін арттырады;
- қан айналымын және зат алмасуды жақсартады;
- буын жағдайын жақсартады (артрит, артроз)

Инемен емдеу тиімді әрі көп шығынды қажет етпейтін ем түрі болып табылады. Біздің дәуірімізге дейінгі 600 жылдары Корея, Жапония елдері аталмыш әдісті меңгерсе, инемен емдеу XVI ғасырда Еуропаға қарай таралды. Қазір әлемнің 120 елінде инемен емдеу әдісі кең өріс жайды. Бүгінде елімізде де бұл ем түрі дамып келеді. Арнайы білімді мамандар даярланып, орталықтар ашылуда, көптеген ауру түрлері емделуде.[4]

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

4. www.sujok.kz
5. www.doctorlin.kz
6. refl.info
7. www.justlady.ru

ӘӨЖ 338.1(510)

ҚЫТАЙ АРМАНЫ: ҚЫТАЙДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

Салық Жұмабек

Salik_jumabek@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің

Қытай филологиясы кафедрасының оқушысы, Астана қаласы, Қазақстан

Қытай арманы, бұл Қытай коммунистік партиясы 18-ші ұлттық халықтық конгресінде төраға Си Цзинь Пинь мырза ұсынған маңызды нұсқау және маңызды ел басқару идеясы, ресми түрде ұсынған уақыты 29 қараша 2012 жыл. Си Цзинь Пинь “Қытай арманын” қытай ұлтының өркендеуі деп жариялады, бұны қытай ұлтының қазіргі заманғы ең ұлы арманы деп бағалады, сонымен қатар, бұл арманға қол жеткізуге болатынын айтты.

“Қытай арманы” негізгі бағыт-бағдары “екі жүз жылдық” деген мақсат қойды, айта кетсек: 2021 жылы қытай коммунистік партиясының құрылғанына 100 жыл, сондай-ақ, 2049 жылы Қытай Халық Республикасына құрылғанына 100 жыл, Біртіндеп қытай ұлтының өркендеуіне қол жеткізу, нақты елдің гүлденуі, ұлттық жасарту, халық бақытты болу болып табылады, іске асыру жолы ол қытайлық ерекшелікке ие социализм жолы болып табылады, қытайлық ерекшелікке ие социализм теориясы жүйесін ұстану, ұлт рухын насихаттау, қытай күшін біріктіру, саясат, экономика, мәдениет, қоғам және экологиялық өркениетті біріктіріп, жүзеге асыру.

Бірінші, “Қытай арманы” ол дегеніміз қытай халқы өзінің еліне, ұлтына және өзінің жарқын болашағына деген арманы, бұл дегеніміз елдің әл-ауқаты жақсару, ұлттың күшейю, халық бақытты болу, екі жүз жылдықты жүзеге асыру үшін негізінде мақсат етіп күресетін арман.